

2019 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 73 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 ақпанда № 5970 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18404 тіркелген бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – Ақтөбе облысы әкімдігінің 18.04.2019 № 150 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысы бойынша 2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттарына субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада бекітілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.Е. Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы
22 ақпандағы № 73 қаулысымен
бекітілген

Ақтөбе облысы бойынша 2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.12.2019 № 508 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	10 000	74 441,51	744 415,13
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы*		20 000	28 973	579 460,0
			30 000	6 924	207 720,0
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	2 444	244 400,0
3.	Отандық асыл тұқымды тұқымдық ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	6 144	921 600,0
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу		225 000	5 263,06	1 184 187,5
4.1			335 000	9 172,58	3 072 816,928
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған	тірілей салмағы, килограмм	200		632 869,53

	бұқашықтардың құнын арзандату			3 164 347,65	
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	669 334	133 866,80
Барлық сомасы					7 721 335,888
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу				
1.1	Бір жынысты	сатып алынған	10 000	2 968	29 680,0
1.2	Қос жынысты	доза	5 000	345,02	1 725,12
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	783,94	117 591,09
3.	Сүт өндіру құнын арзандату :				
3.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	35	10 551 609,71	369 306,34
3.2	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10	508 121	5 081,21
3.3	А у ы л шаруашылығы кооперативі		10	157 142	1 571,42
	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл				

4.	шаруашылығы кооперативтерін - де ірі кара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырыл- ған бас/шағылы- су маусымы	5 000	1 957	9 785,0
5.	Табынның өсімін молайту ү ш і н пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	47	4 700,0
6.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының ж ә н е толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзан- дату	бас	120 000	1 255,43	150 652,0
Барлық сомасы					690 092,174
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1)	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,7	160 836,370	434 258,199
Барлық сомасы					434 258,199
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруашылықта рда және ауыл шаруашылығы кооперативтерін де қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі	ұрықтандырылғ ан б а с / шағылысу маусымы	1 000		1 478,0

	көрсетілетін қызметтерді субсидиялау			1 478	
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылысу	2 500	31 000	77 500,0
	Қойлардың тауарлық аналық басы	маусымы	1 500	121 215	181 822,5
2.	Асыл тұқымды тұқымдық қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	4 988	39 904,0
3.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	4 456	13 368,0
Барлық сомасы					314 072,5
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	116	11 600,0
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	372 437,33	22 346,24
Барлық сомасы					33 946,24
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)					
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас/шағылысу маусымы	10 000	75	750,0
Барлық сомасы					750,0
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/мау - сым	5 000	642	3 210,0
Барлық сомасы					3 210,0
Жиынтық сомасы					9 197 665,0

Ескертпе:

* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 15 наурыз 2019 жылғы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау" Қағидалардың 4-тармағына сәйкес, Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50%-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК